Үміткердің сәйкестендіру нөмірі:

_____

АҚКК біліктілік комиссиясы

ШІЛДЕ 2024ж.

Аудит және Этика

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- Төрт тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған жұмыс дәптерінде жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 26 балл 40 – 48 минут
2-тапсырма, 20 балл 30 – 35 минут
3-тапсырма, 14 балл 20 – 25 минут
4-тапсырма, 40 балл 60 – 72 минут
Уақыттың жиыны: 150 – 180 минут

- Барлық ақшалай шамалар есептік бірлікпен (е.б.), осы емтиханда қолданылатын халықаралық ақшалай өрнекпен көрсетілген.
- Қаржылық емес калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз осы емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

©2014 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК-ның алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК-ның рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-тапсырма (26 балл)

«Хэппи-Чайлд» компаниясы (бұдан әрі-Компания) балаларға арналған тамақ өнімдерін (сүт өнімдерінен басқа) өндірумен айналысады. Компания жыл сайын қаржылық есептілік аудитінен өтіп отыруға міндетті, оның тұжырымдамалық негізі халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (бұдан әрі - ҚЕХС) болып табылады. 2023 жылға арналған қаржылық есептілік аудитін «Симпл – аудит» жаңа аудиторлық компаниясы (бұдан әрі – «Симпл – аудит» АК, Аудитор) жүргізеді. Алдыңғы «Профит аудит» аудиторлық компаниясы себебін көрсетпестен келісімшартты ұзартудан бас тартты, бірақ 2022 жылғы аудиторлық есепте өзгертілген пікір (ескертпесі бар пікір) бар. Қаржы директоры аудиторлық қызметтер нарығында сауалнама жүргізді және өзінің Аудитормен жұмыс істеу тәжірибесіне сүйене отырып (компанияға ол мүдделі және мәмілені сәтті аяқтаған бизнесті сатып алу бойынша кеңес беру), сондай-ақ аудиторлық қызметтердің айтарлықтай төмен құнына сүйене отырып, «Симпл-аудит» АК-ны Компанияның 2023 жылғы қаржылық есептілігінің аудиторы ретінде бекітуді ұсынды.

Компанияның 2023 жылғы қызметі мен қаржылық есептілігінің нақты нәтижелеріне сәйкес мынадай ақпарат бар:

1) 2023 жылдың басында Компания жаңа бухгалтерлік бағдарламаға көшті, ол қайсыбір қолмен енгізулерді қажет етті, нәтижесінде 01.01.2023 ж. қорлар сальдосы 2022 жылдың аяғындағы қорлар сальдосынан айтарлықтай өзгешеленді.
2) Алдыңғы аудитор тәуелсіз аудитордың 24.04.2023 жылғы есебінде 31.12.2022 жылға арналған Компанияның негізгі құралдарының есептік бағалауларымен келіспеушілікке байланысты аудиторлық пікірді өзгертті;
3) Әділ құн бойынша қаржылық есептілік күніндегі активтерді бағалау үшін Компания сарапшыны тартты, оның есебіне сүйене отырып, Компания негізгі құралдарды 31.12.2023 жылға әділ құн бойынша қайта бағалады, меншікті капиталында жүргізілген жете бағалаудан түскен табыстың елеулі мөлшерін (баланс валютасының 15%) мойындады.
4) Аудиторлар 3000 мың е.б. елеулі бұрмалануды (асыра бағалауды) анықтады. Дебиторлық берешек шотының сальдосы 45000 мың е.б. құрайды. Компанияның жекелеген дебиторлардың несиелік тәуекелдеріне берген бағасы ХҚЕС 9 сәйкес компанияның есеп саясатына сәйкес келмейді. КНЗ резервін есептеу жекелеген контрагенттердің дебиторлық берешегіне қолданылмады, сондықтан мұндай берешектің баланстық құны тек бастапқы құны бойынша анықталды.

Қажет етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1.1 Тапсырма шартына сүйене отырып, жаңа Аудитор үшін **мүдделер қақтығысын** тудыратын кәсіби немесе іскерлік пайымдау **қауіптерін анықтаңыз**.

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

1.2 Этика кодексіне сәйкес аудитордың тағайындалуының өзгеруіне байланысты «Профит аудит» аудиторлық компаниясына қатысты тапсырма қабылданғанға дейін **жаңа Аудитор** қабылдауы қажет болатын аудитордың **әрекеттерін** сипаттаңыз.

1.3 ХАС 315 (2019 жылы қайта қаралған) сәйкес тәуекелдерді бағалау үшін аудитор қандай аудиторлық рәсімдерді (**кемінде 3**) орындауы керек екенін тізімдеңіз.

1.4 Аудитор ақпараттық жүйеге қатысты тәуекелдерді бағалау рәсімдері кезінде және қаржылық есептілікті дайындауға қатысты кәсіпорынның ақпаратты хабарлауы кезінде орындауы тиіс **кемінде 3 әрекетті** тізімдеңіз.

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

1.5 Аудитор аудиторлық тапсырманы бірінші рет қабылдай отырып, **кезеңнің басындағы қорлардың қалдықтарына** қатысты құжаттандыруы керек болатын аудиторлық рәсімдердің **кем дегенде 3 мысалын** тапсырманың шартына сүйене отырып, түсіндіріп және келтіріңіз.

1.6 Аудит мақсаттары үшін аудитор сарапшысының жұмысының жеткіліктілігін **бағалау** үшін Аудитор қандай мәселелерді (**кемінде 3**) қарастыруы керек екенін көрсетіңіз.

1.7. ХАС 540 (қайта қаралған) сәйкес, ХАС 315 талап еткендей (2019 жылы қайта қаралған), шаруашылық жүргізуші субъект пен оның ортасы, оның ішінде ұйымның ішкі бақылауы туралы түсінік ала отырып, аудитор осы ұйымның **есептік бағалауына** қатысты бірқатар мәселелер бойынша түсінік алуы керек. **Осындай сұрақтардың 3 мысалын** келтіріңіз.

 ©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

1.8 2023 жылғы қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық пікірді өзгертуге байланысты тапсырманың шартын ескере отырып (шот сальдосының анықталған бұрмалануына байланысты дебиторлық берешек, *олар маңызды, бірақ жан-жақты емес*), Аудитор **қандай пікірді** (типті) білдіруі мүмкін екенін анықтаңыз, сондай-ақ аудитор өзінде анықталған бұрмаланулар туралы хабарлайтын аудиторлық есептің тиісті бөлімінің **дәйексөзі мен атауын** келтіріңіз.

1.9 Тапсырманың шартына сүйене отырып, аудиторлық есептің тиісті бөлімінің **атауын** және Аудитор егер алдыңғы кезеңдегі қаржылық есептілік ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік туралы пікір білдіруден басқа, алдыңғы аудитордың аудитіне жататын болса, хабарлауы тиіс **ақпаратты** келтіріңіз.

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

2-тапсырма (20 балл)

«Еланис» компаниясы (бұдан әрі – Компания) бағалы қағаздарды сатып алумен және сатумен айналысады және жыл сайын жергілікті заңнама талаптарына сәйкес қаржылық есептілік аудитінен өтуге міндетті. Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізі ҚЕХС болып табылады. Алдыңғы екі жылдағыдай, 2023 жылғы қаржылық есептілік аудитін **«Екаунт и Ко» АФ** (бұдан әрі - аудитор) жүргізеді.
Аудиторлық рәсімдер келесі ақпарат негізінде жоспарланып және құжаттандырылды:

1. Компания мәмілелер бойынша уақтылы есеп айырыспауына байланысты бағалы қағаздарды сатушылардан бірнеше сот талап арыздарын алды.
2. Аудитор «Сатып алушылардың дебиторлық берешегі» шотының сальдосы үшін «бағалау» басқару персоналының бекіту деңгейінде елеулі бұрмаланудың анықталған тәуекелдеріне жауап ретінде мәні бойынша талдамалық рәсімдерді орындауды жоспарлады.
3. Аудитор алдыңғы аудит кезінде алынған бақылау құралдарының (шараларының) тиімділігін тестілеу нәтижелеріне сүйенуге ниетті.
4. Компанияның деректері бойынша бағалы қағаздарды сату жөніндегі операциялардың едәуір бөлігін байланысты тараптардың бірі нарықтық шарттармен (қаржылық есептіліктегі ашып көрсетулерге сәйкес) жүзеге асырған.
5. Бухгалтерлік есеп пен есептілік бухгалтерлік есеп пен есептіліктің автоматтандырылған жүйесінде жүзеге асырылады, онда бір мезгілде есептік кезеңнің соңында көптеген қол операциялары мен жазбалар жүзеге асырылады.
6. Компанияның басқарушы персоналы қаржылық есептілікте 2023 жылғы қаржылық есептіліктің үздіксіз негізде жасалғаны туралы ақпаратты ашып көрсетпеді.

Қажет етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

2.1. Тапсырманың шарттарын ескере отырып (1-тармақ), аудитор Компанияға қатысты сот істері мен шағымдарды анықтау үшін құжаттандыруы тиіс болатын, елеулі бұрмалану тәуекелін тудыруы мүмкін кем дегенде **3 аудиторлық рәсімді** тізімдеңіз.

2.2. Тапсырма шарттарына (2-тармақ) сүйене отырып, нақты аналитикалық рәсімдердің **тиімділігі неге байланысты екенін түсіндіріңіз**, сондай-ақ «Сатып алушылардың дебиторлық берешегі» шотының сальдосын «бағалау» мәлімдемесіне қатысты жоспарланған аналитикалық рәсімнің мәніне **мысал** келтіріңіз.

 ©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

2.3. Аудитор алдыңғы аудит кезінде алынған бақылау құралдарының (шараларының) тиімділігін тестілеу нәтижелеріне сене алатын факторлардың **кем дегенде 5 мысалын** түсіндіріңіз және келтіріңіз.

2.4. Басқарушы персонал байланысты тараптармен операциялар нарықтық жағдайда жүргізілді деген өз мәлімдемесін **қалай** растауы керек екенін қысқаша түсіндіріңіз (**3 мысал**), сондай-ақ аудитор осындай мәлімдеменің дұрыстығын тексеру үшін орындауы керек **кем дегенде 3 аудиторлық рәсімді** тізімдеңіз.

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

2.5. Аудитордың басқарушы персоналды бақылау құралдарына (шараларына) немқұрайлы қарау тәуекелдерін бағалауына қарамастан, Негізгі кітапта көрсетілген жазбалардың сәйкестігін және қаржылық есептілікті жасау кезінде жасалған басқа түзетулерді тексеру үшін аудитор орындауы тиіс **әрекеттердің кемінде 3 мысалын** сипаттаңыз.

2.6. Компанияның өз қызметін **үздіксіз негізде** жалғастыру қабілетіне күмән келтіруі мүмкін оқиғаларды немесе жағдайларды анықтаған жағдайда, аудитордың қосымша әрекеттерінің кемінде **4 тармағын** тізімдеңіз.

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

3-тапсырма (14 балл)

«Стрим» аудиторлық фирмасы (бұдан әрі – АФ) сапаны басқару жүйесін (бұдан әрі - СБЖ) әзірлеу мен ендіру сатысында.

1 «Қаржылық есептілік аудиттерін немесе шолуларын немесе басқа сенімділік немесе ілеспе қызмет тапсырмаларын орындайтын фирмалар үшін сапаны басқару» Сапаны басқару жөніндегі халықаралық стандартына (СБХС) сәйкес, фирма өзі орындайтын тапсырмалардың сапасын белсенді басқарып отыру үшін сапаны басқару жүйесінің компоненттерін әзірлеу, енгізу және пайдалану кезінде тәуекелге бағытталған тәсілді өзара байланысты және үйлестірілген түрде қолдануы керек.

Анықталған және бағаланған тәуекелдердің арасынан АФ тарихи қаржылық есептілікке, топтың қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге және болжамды қаржылық ақпаратты тексеруге арналған әдіснаманың болмауына байланысты «Тапсырманы орындау» және «Ресурстар» компоненттері үшін сапа тәуекелдерін анықтады.

Қажет етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

3.1 **«Тапсырманы орындау»** СБЖ компонентіне арнап сапаның **кем дегенде 4 мақсатын** атаңыз.

3.2 Адами ресурстардан **басқа,** СБЖ «Ресурстар» компонентіне қатысты нақты АФ ресурстарына қатысы бар сапаның **бір-бір мақсатын атаңыз,** сондай-ақ **сипаттаңыз**.

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

3.3 Топ аудиторынан шаруашылық жүргізуші субъект пен оның ортасы туралы түсінік алу арқылы **елеулі бұрмалану тәуекелдерін тану және анықтау** талап етіледі. Компоненттердің аудиторын тарту ЖОСПАРЛАНБАҒАН кезде ол осы мақсатта қандай негізгі әрекеттерді (**кем дегенде 4**) орындауы тиіс екенін тізімдеңіз.

3.4 Топ аудиторы топтың маңызды компонентіне қатысты орындауы қажет болатын **кем дегенде 3 аудиторлық рәсімді** тізімдеңіз.

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

3.5 Тарихи қаржылық есептілікке шолу жасау кезіндегі машықтанушы маманның **мақсаттарын** сипаттаңыз.

3.6 Аудитор болжамды қаржылық ақпаратты тексеру бойынша тапсырманы орындау арқылы алуға тиіс болатын **тиімді дәлелдемелердің** кем дегенде **2 мысалын** келтіріңіз.

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

4-тапсырма (40 балл)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша ең жақсы жауапты таңдаңыз. 20 сұрақтың барлығы бойынша жауабыңызды жауаптар парағында белгілеңіз. Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

4.1 Төменде келтірілген тармақтардың қайсысы аудитті жүргізу туралы келісім-хатқа енгізілмейді?

O а) Қаржылық есептілікті жасау үшін қаржылық есептіліктің қолданылатын тұжырымдамалық негізін сәйкестендіру;

O б) Қаржылық есептіліктің мақсаты мен көлемі;

O в) Жаңа жағдайларға қарамастан, аудитордың есебі осы келісімдегі басқарушы персоналмен келісілетін күтілетін нысаннан өзгешеленбейтіні туралы мәлімдеме;

O г) Аудитор мен басқарушы персоналдың жауапкершілігі.

4.2 Аудиторлық фирма өзінде түпкілікті аудиторлық файлды қалыптастыруды аяқтауы керек болатын қолайлы кезең әдетте мынадай болып келеді:

O а) Аудитор есеп берген күннен кейінгі 60 күннен артық емес;

O б) Аудиторлық рәсімді жүргізу күнінен кейін 55 күннен артық емес;

O в) Тапсырманың орындалу сапасына бақылау жүргізілгеннен кейін 50 күннен артық емес;

O г) Аудиторлық тапсырманың сыртқы мониторингі жүргізілген күннен кейін 40 күннен артық емес.

4.3 ХАС 530 сәйкес іріктеу элементтерін таңдау әдістерінің қайсысы келесі сипаттамаға сәйкес келеді: «бұл кездейсоқ сандар генераторын немесе кездейсоқ сандар кестелерін қолдану арқылы таңдау»?

O а) Жүйелі түрде іріктеу;

O б) Монетарлық элементтерді іріктеу;

O в) Кездейсоқ іріктеу;

O г) Кездейсоқ іріктеу.

4.4 «Тарихи қаржылық ақпараттың аудиті немесе шолуы болып табылмайтын сенімділік беру жөніндегі тапсырмалар» СҚТХС 3000 (қайта қаралған) сәйкес сенімділік беру жөніндегі тапсырмаларда талдамалық рәсімдерді қолданудың ерекшелігі неде?

O а) Тапсырманың тәуекелдеріне жауап ретінде орындалатын рәсімдер елеулі бұрмалануларды анықтау үшін жеткілікті дәрежеде дәлме-дәл болатын болжауларды әзірлеуді қамтиды;

O б) Трендтердің, байланыстар мен қатынастардың бағытына қатысты күтулерді қолдау мақсатында әзірленуі мүмкін;

O в) Мұндай тапсырманың соңғы кезеңінде ғана қолданылады;

O г) Мұндай тапсырмаларды орындау кезінде қолданылмайды.

4.5 ХАС-ға сәйкес, операциялардың класы туралы, шоттардың қалдықтары немесе ақпаратты ашу туралы мәлімдеме, егер ол елеулі бұрмаланудың анықталған тәуекелін қамтыса, қалай деп аталады?

O а) Елеулі;

O б) Релеванттық;

O в) Бақылаушы;

O г) Басқарушы.

4.6 Келесі мәлімдемеге сүйене отырып тапсырманың сапасы мен мазмұнын тексеру құжаттамасына қатысты дұрыс жауап нұасқасын таңдаңыз:
«*СБХС 2 сәйкес тапсырманың сапасын тексеруге жауапты адам тапсырманың сапасын тексеру құжаттамасына мыналар кіретінін анықтауы тиіс:*
(1) тапсырманың сапасын тексеруге жауапты адамның және тапсырманың сапасын тексеруге көмектескен адамдардың есімдері;
(2) тапсырма бойынша тексерілген құжаттаманы сәйкестендіру;
(3) сапаны бақылау бойынша тексеру аяқталғанын және *СБХС* 2 талаптары орындалғанын хабарлау;
(4) тексеру үшін ұсынылған құжаттамада жеткіліксіз немесе тиісті емес аудиторлық дәлелдемелер анықталған жағдайда, сапа бақылаушысы орындаған аудиторлық рәсімдер туралы топ серіктесіне хабарлау;
(5) тапсырманың сапасын тексерудің аяқталу күні.

- O а) 1,2,3,4,5;
- O б) 1,2,3,5;
- O в) 1,2,3,4;
- O г) 1,2,4,5.

4.7 Бұдан әрі келтірілген мәлімдемелердің қайсысы аудитор іріктеу кезінде бас жиынтықтың стратификациясын қолданған және іріктемені құндық шамаға сүйене отырып құжаттаған жағдайда дұрыс болады?

- O а) Стратификацияның мақсаты әр страта шеңберіндегі элементтердің өзгергіштігін арттыру және іріктеу тәуекелін арттырмай осы іріктеу көлемін ұлғайту болып табылады;
- O б) Егер операциялар класы немесе шоттың қалдығы қабаттарға бөлінген болса, онда іріктеу кезінде анықталған бұрмаланулар бүкіл популяцияға тарайды;
- O в) Егжей-тегжейлердің сынақтарын орындау кезінде бас жиынтықты ақшалай құны бойынша стратификациялауға жол берілмейді;
- O г) Бір страта элементтерінің кез келген іріктемесіне қолданылатын аудиторлық рәсімдердің нәтижелері тек осы стратты құрайтын элементтерге ғана тарауы мүмкін.

4.8 Егер аудитор заңнамалық және нормативтік актілердің сәйкестендірілген немесе күдікті сақталмауы қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер етеді және бұл қаржылық есептілікте түсінікті болатындай етіп КӨРСЕТІЛМЕГЕН деген қорытындыға келсе, ол мына талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- O а) ХАС 250 (қайта қаралған), бұл фактіні аудиторлық есептің арнайы бөлімінде «Шаруашылық жүргізуші субъектінің нормативтік және заңнамалық актілерді сақтамауы» деген тақырыппен көрсету;
- O б) ХАС 705 (қайта қаралған), пікірін білдіруден бас тарту;
- O в) ХАС 701 бұл фактіні аудитор есебінің «Аудиттің негізгі сұрақтары» бөлімінде көрсету;
- O г) ХАС 705 (қайта қаралған), ескертпемен немесе теріс пікірмен қаржылық есептілік туралы пікір білдіру.

4.9 Келесі мәлімдеме үшін барлық дұрыс жауап нұсқаларын таңдаңыз:
«*Аудитор елеулілік тұжырымдамасын қандай жағдайда қолданады*:
1) аудитті жоспарлау кезінде;
2) аудитті жүргізу кезінде;
3) анықталған бұрмаланулардың аудиттің өзіне тигізетін әсеріне және түзетілмеген бұрмаланулардың (олар болса) қаржылық есептілікке тигізетін әсеріна баға беру кезінде;
4) тәуелсіз аудитордың есебінде пікірді қалыптастыру кезінде»;

- O а) Тек қана 1 мен 4 нұсқалары;
- O б) Тек қана 1 мен 2 нұсқалары;
- O в) Тек қана 1,2 және 3 нұсқалары;
- O г) 1, 2, 3, 4 нұсқалары.

 ©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

4.10 Келесі мәлімдемеге арнап жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаңыз:
«ХАС 800 сәйкес арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негіздің мысалдары мыналар ***болып табылады:***
1) кәсіпорынның юрисдикциясында кең таралған осы тұжырымдамалық негізді сақтауды талап ететін қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізі;
2) кредиторлар ұйымнан талап етуі мүмкін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпарат үшін қажетті ақшалай түсімдер мен шығыстар әдісі бойынша есепке алудың негізі;
3) осы органның талаптарын қанағаттандыру үшін реттеуші орган белгілеген қаржылық есептілік ережелері;
4) қарыздық келісім, қарыз шарты немесе жобалық грант сияқты қаржылық есептілікке қатысты шарт ережелерінің талаптары.

- O а) 2, 3, 5;
- O б) 1, 4, 5;
- O в) 2, 3, 4;
- O г) 1, 2, 4.

4.11 Бұдан әрі баяндалған қандай ақпарат туралы аудитор басқарушы уәкілеттігі бар адамдарды **жазбаша хабардар етуі** тиіс?
1) Бағалы қағаздары ұйымдастырылған сауда-саттыққа жіберілген шаруашылық жүргізуші субъектілерге аудитордың тәуелсіздігі және аудиторлардың этикалық нормаларды сақтауы туралы;
2) аудитордың есебіне енгізілетін аудиттің негізгі мәселелері туралы ақпаратты;
3) тапсырманың сапасын бақылауды тексеруге жауапты адам тағайындалған жағдайда, оның аудиттегі жұмыс тәжірибесі туралы ақпаратты хабарлау қажет;
4) егер аудитордың кәсіби пікірі бойынша ауызша ақпарат жеткіліксіз болса, аудиттің маңызды нәтижелері туралы.

- O а) Тек қана 1,2,3;
- O б) Тек қана 1,2,4;
- O в) Тек қана 1, 4;
- O г) 1,2,3,4.

4.12 ХАС 220 (қайта қаралған) сәйкес, егер тапсырма бойынша серіктес осы ХАС талаптарына байланысты аудит рәсімдерін немесе әрекеттерді әзірлеуді немесе орындауды оған көмектесу үшін команданың басқа мүшелеріне тапсырса, төмендегі мәлімдемелердің қайсысы **дұрыс** болып табылады?

- O а) Тапсырма бойынша серіктес осы топ мүшелеріне тапсырма бойынша басшылық пен қадағалауды, сондай-ақ олардың жұмысын талдауды жүзеге асыра отырып, аудит сапасын басқару және оған қол жеткізу үшін жалпы жауапкершілікті көтеруді жалғастыруы керек;
- O б) Мұндай жағдайларда тапсырма бойынша серіктес тапсырма бойынша осындай топ мүшелерінің жұмыс тапсырмасының сапасын тексеруге жауапты адамды тиісті тексерумен шектелуі мүмкін;
- O в) Мұндай жағдайларда аудит жөніндегі серіктес оның кандидатурасын тиісінше таңдауды қоспағанда, осындай команда мүшесінің одан арғы әрекеттері үшін жауапты болмайды;
- O г) Тапсырма бойынша серіктес жобаны басқару шеңберінде сапа бақылаушысымен аудиттің мақсатына жету үшін осындай топ мүшесіне сенуге бола ма деген мәселе бойынша кеңесуі керек.

4.13 Қаржылық есептіліктің құрамына кіретін барлық есептер, соның ішінде тиісті ескертпелер жасалған және басқарушы уәкілеттіктері бар адамдар осы қаржылық есептілік үшін жауапты екенін растаған күн деп қандай саналады?:

- O а) қаржылық есептілік күні;
- O б) қаржылық есептілікті жариялаған күні;
- O в) тәуелсіз аудитор есебінің күні;
- O г) қаржылық есептіліктің бекітілген күні.

4.14 Келесі мәлімдеме үшін БАРЛЫҚ дұрыс нұсқаларды көрсетіңіз: *«ХАС 300 сәйкес, жоспарлау, төмендегідей мәселелерді қарастыруды (аудитордың елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтауы мен бағалауына дейін) қамтиды:*

1-нұсқа: тәуекелдерді бағалау процедуралары ретінде орындалатын аналитикалық процедуралар;

2-нұсқа: шаруашылық жүргізуші субъектіге қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптар туралы жалпы түсінік алу және шаруашылық жүргізуші субъектінің осы талаптарды сақтауы;

3-нұсқа: елеулілігін анықтау;

4-нұсқа: сарапшыларды тарту.

- O а) Тек қана 1 мен 2 нұсқалары;
- O б) Тек қана 2, 3 және 4 нұсқалары;
- O в) 1, 2, 3, 4 нұсқалары;
- O г) Тек қана 1, 2, 3 нұсқалары.

4.15 ХАС-ға сәйкес аудитор қаржылық есептілікке жауап беретін және қарастырылып отырған мәселелер бойынша ақпаратқа ие басқарушы персоналға жүгініп, жазбаша ұсыныстар беруі керек. Төмендегі мәлімдемелердің қайсысы осындай ұсыну күніне қатысты **дұрыс** болып табылады?

- O а) Жазбаша ұсынымдар күні басқарушы персоналдың қаржылық есептілікті бекіту күніне мүмкіндігінше жақын болуы тиіс;
- O б) Жазбаша ұсынымдар күні аудитордың қаржылық есептілік туралы есеп беру күніне мүмкіндігінше жақын болуы тиіс, одан кейін болмауы тиіс;
- O в) Жазбаша ұсынымдар күні аудитор қарастырған маңызды мәселелерге қатысты аудитордың әзірлеген жұмыс құжатының күніне мүмкіндігінше жақын болуы тиіс;
- O г) Жазбаша ұсынымдар күні қаржылық есептілік жарияланған күнге мүмкіндігінше жақын болуы тиіс.

4.16 Аудиторлық дәлелдемелердің сипаттамаларының қайсысы келесі анықтамаға сәйкес келеді: «*Бұл аудиторлық дәлелдемелердің сапасының өлшемі, яғни олардың аудиторлық пікір өздеріне негізделген қорытындыларды қолдаудағы орындылығы мен сенімділігі»*?

- O а) Қолайлылығы;
- O б) Жеткіліктілігі;
- O в) Толыққандылығы;
- O г) Шынайылығы.

4.17 Егер аудитор теріс пікір білдіру немесе жалпы шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржылық есептілігінің толық жиынтығына қатысты пікір білдіруден бас тарту туралы шешім қабылдаса, ХАС 705 (қайта қаралған) нені рұқсат етеді/неге тыйым салады?

- O а) Қаржылық есептіліктің жекелеген элементіне қатысты бір мезгілде өзгертілмеген және қаржылық есептіліктің толық жиынтығына қатысты өзгертілген пікір айтуға мүмкіндік береді;
- O б) Аудиторға кәсіпорынның қаржылық есептілігінің толық жиынтығына қатысты аудитордың есебіне «Аудиттің басқа мәселелері» бөлімін енгізуге мүмкіндік береді, онда аудитор қаржылық есептің жекелеген элементіне қатысты өзгертілмеген пікір айта алады;
- O в) Аудиторға аудитордың тура сол есебіне осы қаржылық есептіліктің құрамдас бөлігі болып табылатын жеке қаржылық есептілікке қатысты өзгертілмеген пікірді енгізуге тыйым салады;
- O г) Аудитордың тура сол есебіне түсіндірме параграфты енгізуге рұқсат етеді, оған аудитор осы қаржылық есептіліктің құрамдас бөлігі болып табылатын жеке есептің өзгертілмеген пікірі туралы ақпаратты енгізеді.

 ©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

4.18 Төмендегілердің қайсысы ХАС-ға сәйкес, аудитордың есебіндегі негізгі аудит мәселелері бойынша ақпаратты хабарлауға қатысты дұрыс?

O а) Мұндай ақпарат аудитордың нақты мәселелер бойынша жеке пікірі болып табылады;

O б) Мұндай ақпарат аудитордың есебінде кәсіпорынның өз қызметін үздіксіз негізде жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән келтіруі мүмкін оқиғалар мен жағдайларға қатысты елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы ақпаратты хабарлау үшін алмастыру болып табылады;

O в) Мұндай ақпарат қаржылық есептіліктің қолданыстағы тұжырымдамалық негізі бойынша қажет ететін қаржылық есептіліктегі ашуды алмастыру болып табылады;

O г) Мұндай ақпаратта, егер бар болса, қаржылық есептілікте тиісті ашуға сілтеме болуы тиіс және аудит кезінде басқасымен қатар бұл мәселенің қалай шешілгенін түсіндіруі тиіс.

4.19 Егер аудитор өзінің алдындағы берешек сальдосы қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын **кәсіпорынның контрагентінен** кредиторлық берешекке қатысты сыртқы растауды АЛМАСА, аудитордың мұндай берешектің «болуын» бекіту үшін қандай аудиторлық рәсімдерді орындап және құжаттандырғаны **барынша орынды**?

O а) Есептік күнге қатысты кәсіпорын мен осы несие беруші арасындағы салыстыру актісін сұрату;

O б) Кредиторға одан аудиторлық дәлелдемелерді алу мақсатында қоңырау шалу;

O в) Баламалы аудиторлық рәсімдерді орындау, атап айтқанда: барлық кредиторлармен операциялар қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне сәйкес тиісті түрде басталғаны және жіктелгені туралы басқарушы персоналдың жазбаша куәландыруларын алу;

O г) Баламалы аудиторлық рәсімдерді орындау, атап айтқанда: үшінші тараптардан алынған кейінгі ақшалай төлемдерді немесе хат-хабарларды, сондай-ақ осы кредитордың шот-фактуралары (орындалған жұмыс актілері, шот-фактуралар) сияқты басқа жазбаларды тексеруді құжаттандыру.

4.20 Қаржылық есептілікте көрсетілген кірістер үшін «толықтық» мәлімдемесін айтарлықтай бұрмалаудың анықталған және бағаланған тәуекелдеріне жауап ретінде аудитордың әрекеті ретінде **ең сезімтал** аудиторлық рәсімге қатысты дұрыс жауапты таңдаңыз.

O а) Мәні бойынша талдау рәсімі;

O б) Бақылау құралдарын (шараларын) тестілеу;

O в) Сыртқы растаулар;

O г) Басқарушы персоналдың жазбаша түсіндірмелері мен растамаларын алу.

емтиханның соңы

ЖАУАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ОРЫНДАР

№ сұраққа жауап беруге арналған орын

№ сұраққа жауап беруге арналған орын

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

ЖАУАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ОРЫНДАР

№ сұраққа жауап беруге арналған орын

№ сұраққа жауап беруге арналған орын

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

©2024 АҚКК. Барлық құқықтар қорғалған.